

2014 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 303 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 2632 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 734 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 12.02.2015 № 734 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, Сайрам ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесіне Сайрам ауданының аумағында тұратын келесі тұлғалар кіреді:

- 1) алған мамандығы бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ, 21 жастан 29 жас аралығындағы жұмыс істемейтін жастар;
- 2) уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби оқуды аяқтаған тұлғалар;
- 3) жұмыссыз әйелдер.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.Халмурadowқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауданы әкімі

У.Қайназаров

